



NİĞDE ÖMER HALİSDEMİR ÜNİVERSİTESİ  
KAZAK KIZLAR PEDAGOJİ MİLLİ ÜNİVERSİTESİ  
M. AKMULLA BAŞKURT DEVLET PEDAGOJİ ÜNİVERSİTESİ  
BAKÜ AVRASYA ÜNİVERSİTESİ

# VII. ULUSLARARASI TÜRK DÜNYASI ARAŞTIRMALARI SEMPOZYUMU

20-23 Ekim 2020 Niğde



TÜRK DÜNYASI  
TYPKI ӘЛЕМІ  
TӨPKI ДОНЪЯҺИ



TUDAS 2020



BİLDİRİLER KİTABI  
CİLT II

**VII. ULUSLARARASI TRK DNYASI  
ARAŐTIRMALARI SEMPOZYUMU  
(20-23 Ekim 2020, NiĐde)**

**BİLDİRİLER KİTABI**

**CİLT II**

**Kapak Tasarımı:** Recep TETİR

**ISBN:** 978-605-70218-3-0 (Bildiler Kitabı Takım)

978-605-70218-5-4 (Bildiriler Kitabı Cilt II)

# **BİLDİRİLER KİTABI**

## **CİLT I**

**VII. ULUSLARARASI TÜRK DÜNYASI  
ARAŞTIRMALARI SEMPOZYUMU**  
(20-23 Ekim 2020 Niğde)

**VII BEYNƏLXALQ TÜRK DÜNYASI ARAŞDIRMALARI  
SİMPOZİUMU**  
(20-23 Oktyabr 2020-Niğde)

**VII. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКІ ӘЛЕМІ ЗЕРТТЕУЛЕРІ  
СИМПОЗИУМЫ**  
(20-23 Қазан 2020 Нийде)

### **EDİTÖRLER**

Dr. Turgay DÜĞEN  
Dr. Perizat YERTAYEVA  
Dr. Meder SALIEV

2020 NIĞDE

## **CİLT II**

### **EĞİTİM/KÜLTÜR/SANAT/İLETİŞİM**

Bölgede Eğitimde Yenilikçi Yaklaşımlar ve Uygulamalar  
Avrasya'da Kültürlerarası İlişkiler  
Türk Topuluklarında Halk Bilim Çalışmaları  
Türk Dünyasında Müzik, Güzel Sanatlar ve Sanat Tarihi  
Türk Dünyasında ve Modern Topumlarda Medya ve İletişim

### **BÖLGESEL SORUNLAR/ULUSLARARASI İLİŞKİLER**

Avrasya'da Bölgesel Sorunlar ve Çözümler  
Bölge Devletleri ve Topuluklarının Siyasi İlişkileri  
Türk Dünyası ve Uluslararası Politika  
Avrasya'da Enerji

### **İŞLETME/EKONOMİ**

Türk Dünyasında Ekonomik Sorunlar  
Avrasya'da Ekonomik İlişkiler, İşbirliği ve Bütünleşme  
Türk Cumhuriyetlerinde Para ve Maliye Politikaları  
Türk Dünyasında İktisat Tarihi  
Türk Cumhuriyetlerinde İşletmecilik ve Yönetim Anlayış  
Türk Cumhuriyetlerinde Kobiler ve Girişimcilik

### **DİĞER**

Türk Dünyasında Din, Felsefe ve Hukuk  
Türk Dünyasında Sosyolojik Sorunlar ve Çözümler  
Türk Dünyası Coğrafyası ve Coğrafya Çalışmaları  
Bölge Turizmi ve Uygulamaları  
Türk Dünyasında Kadın Çalışmaları

	<i>Didactic Model Of Forming Intercultural Communicative Competence</i>	
Ғ.Б.Шойбекова Қ.С.Қайырбай Д.Б.Оспан	Латын Әліпбиін Игертуде Білім Алушылардың Оқу, Жазу Сауаттылығын Дамыту Жолдары <i>Philological Terms Developed By A. Baitursynuly</i>	233-242
Ғ.Б.Шойбекова Ж.Қ.Манкишева	Ақпараттық Технология Терминдерінің Қазак Тілінің (Әдеби Тілінің) Өміршеңдігіне Ықпалы <i>Influence Of Information Technology Terms On The Viability Of The Kazakh Language (Literary Language)</i>	243-262
Ж.Ә.Абдрахманова Ж.У.Сәрсенбаева	Өзін-Өзі Тұлға Ретінде Қалыптастырудың Коммуникативтік Стратегиялары <i>Communicative Strategies For Self-Formation As A Person</i>	263-276
Н.Х. Маметжанова Л.А. Рсалина	Білім Беру Жүйесіндегі Қашықтан Оқытудың Артықшылықтары Мен Кемшіліктері <i>Advantages And Disadvantages Of Distance Learning In The Education System</i>	277-282
Э.Н.Джансеркеева А.К.Садыкова	Шетел Тілін Меңгеруде Сандық Бейне Таспаны Тиімдіпайдалану <i>The Compared Analysis Of The German And Azerbaijan Languages As Linguistic Foundation Of Didiactic Games</i>	283-290
З.Т.Суранчиева А.Қ.Өтелбаева	Қашықтан Білім Беру Үрдісінде Информатика Курсын Оқыту Тәсілдері <i>Methods Of Teaching Computer Science Courses In The Process Of Distance Education</i>	291-300
К.У.Есентаев	Жоо Студенттеріне «Ақпараттық Коммуникациялық Технологиялар» Пәнін Оқыту Әдістемесі <i>Methods Of Teaching The Discipline "Information And Communication Technologies" To University Students</i>	301-310

## ӨЗІН-ӨЗІ ТҰЛҒА РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК СТРАТЕГИЯЛАРЫ

Ж.Ә.АБДРАХМАНОВА\*

Ж.У.СӨРСЕНБАЕВА\*\*

**Түйіндеме:** Мақалада ойды жеткізудің түрлі бағыттары бар екенін анықтадық: ой арқылы түзілетін мәтінді, оның болмысы мен алатын орнын онтологиялық тұрғыда зерделеу; ойдың тілдік ұйымдасуын лингвистикалық тұрғыда саралау; тіл арқылы берілген ойды қабылдауды Психологиялық тұрғыда қарастыру; мәтін авторының объективті болмысқа және мазмұнға деген қатынасын прагматикалық тұрғыда зерттеу. Ендеше, осы айтылғандардың бәрін жинақтай келгенде, сөйлеу актісі кезіндегі коммуникациялық талаптың орындалуы осы бағыттарға сәйкестендіріледі;

Коммуникативтік тактика мен стратегия адамзат қарым-қатынасын ретке келтіретін: оның ішінде адресант пен адресаттың қажетін өтеуге арналған, қуантуға, ренжітуге, жұбатуға, көңілін табуға, жақсы көңіл-күй сыйлауға, негізгі ойын іске асыруға арналған коммуникативтік актілер деуге болады. Ол үшін адамзатта мол коммуникативтік тәжірибе болу керек. Коммуникативті тәжірибеде коммуниканттың жетекші коммуникативті стратегияны іске асыру үшін түрлі коммуникативтік тактикаларды пайдалана алады;

Коммуникативті тұлғаның қалыптасуына коммуникативті тәжірибенің тікелей қатысы бар. Сөздің бүкіл мағыналары қолданыс кезіндегі, контекстегі (мәнмәтіндегі) мәндерімен жады секілді сақталып отырады. Бұл жағдайда коммуникативті тәжірибені коммуникативті стратегияны іске асыру үшін қолданылатын коммуникативті тактика туралы біліммен байланыстыра қарау керек.

***Тірек сөздер:*** *тұлға, ойды жеткізу, коммуникативті стратегия, коммуникативті тактика, адресант, адресат*

**Communicative Strategies for Self-Formation as a Person**

---

\* ф.ғ.к., Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, [zhaz\\_abd@mail.ru](mailto:zhaz_abd@mail.ru)

\*\* №35 мектеп-гимназиясының өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі, [jazira-1993.1993@mail.ru](mailto:jazira-1993.1993@mail.ru)

**Abstract:** In the article, we found that there are different directions of thought transmission: ontological study of the text formed by thought, its existence and place of receipt; linguistic differentiation of the linguistic Organization of thought; psychological consideration of the perception of thought transmitted through language; pragmatic study of the attitude of the author of the text to objective existence and content. Thus, when summarizing all these things, the fulfillment of the communication requirement during the act of speech is brought into line with these areas;

Communicative tactics and strategy can be called communicative acts that regulate human relations: including those designed to compensate for the needs of the addressee and the addressee, to please, offend, comfort, find disappointment, give a good mood, and implement the main game. To do this, humanity must have extensive communication experience. In communicative practice, a communicant can use various communicative tactics to implement a leading communicative strategy;

Communicative experience is directly related to the formation of a communicative personality. All the meanings of a word are stored as memory with their values at the time of use, in the context (context). In this case, the communicative experience should be considered in connection with the knowledge of communicative tactics used to implement a communicative strategy.

**Keywords:** *personality, thought transmission, communicative strategy, communicative tactics, addressee, addressee.*

### **Кіріспе**

Коммуниканттардың қатысымдық құзыреттіліктерінің бір компоненті –стратегиялық құзіреттіліктер. Ал енді осы құзіреттіліктерді құраушы – коммуникативтік (сөйлеу) стратегиялар мен тактикалар. Стратегиялық құзіреттілік дегеніміз – тұлғаның коммуникативтік стратегиялар мен категорияларға байланысты біліктіліктері мен білімдері. Адам сөйлеуде тек тілдік бірліктерді пайдаланбайды, сонымен қатар сөйлеу үрдісінде ойдың, ым-ишараның атқаратын қызметі ерекше, сондықтан сөйлеу құбылысының қасиетін түсіну үшін оны үш жақты қарастыруда тіл – сөйлеу – ой арасындағы қатынас маңызды.

Тілдік қатынастың туындауына әлеумет, қоғам қажет екені белгілі. Бірақ тіл мен сөйлеу өзара байланысты болса да, сөйлеудің даралығын адамның психикалық қабілеттері мен қасиеттері анықтайды.

Демек, сөйлеу үрдісінің нәтижесі белгілі бір іс-әрекетті сөйлеу арқылы жүзеге асырып отырған – сөйлеу актісі болса,



сөйлеу актісінің коммуникативтік акт барысында қолданылуының мақсатын анықтап, бағдарлап отыратын иллокутивтік актінің алғышарты адресаттың интенциясы. Екіншісі, вербалды және бейвербалды бірліктердің көмегімен коммуникативтік мақсатқа қол жеткізуге арналған сөйлеу әрекеттерінің жалпы жоспары ретінде бағаланатын – сөйлеу стратегиялары. Үшінші, нақты жағдаяттарда алдын ала қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін орын алатын сөйлеу амалдары – коммуникативтік (сөйлеу) тактикалар.

Сөйлеу стратегиясының «сөйлеу стратегиясы дегеніміз сөйлесім жағдаятының нақты шарттары мен коммуниканттардың тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, тілдік қатысымды жоспарлау мен сол жоспарды тілдік қарым-қатынас барысында жүзеге асыру деген анықтамасына байланысты коммуниканттардың бұл әрекетін сөйлеудің фазалары мен сөйлеу әрекетінің психология ғылымында көрсетілген сатыларының ішінен: сөйлеуге даярлық және жоспарлау сатыларына жатқыза аламыз. Ал өз кезегінде психология ғылымында сөйлеу фазалары мен сөйлеу әрекетінің сатылары: а) сөйлеуге даярлық; ә) жоспарлау; б) жүзеге асыру; в) бақылау сатылары деп төрт негізгі фазалар мен сатыларға бөлінген.

## **1. Негізгі бөлім**

Сонымен коммуникативтік стратегия дегеніміз коммуникативтік мақсатқа қол жеткізуге бағытталған сөйлеу әрекеттерінің жоспары десек, қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін тілдік қатысым барысында біз түрлі психологиялық көңіл-күйімізді жеткізу, өтініш айту, құттықтау, өкініш білдіру үшін қолданамыз.

### **1.1. Алғыс Айту Стратегиясы**

Алғыс айту стратегиясы адресанттың адресатқа қатысты оңтайлы түрлі көңіл-күйін жеткізу мақсатында айтылатын қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін айтқанда сөйлеушінің ұстанатын стратегиясы. Бұл стратегияны басшылыққа ала отырып тыңдаушысына қалауы мен тілегін білдірген сөйлеуші сөзін өз рахметін айтуымен бастайды. Мысалы:

*«Рақмет, қарағым, өркенің өссін!»*

*«Рақмет, балам, қолдарың дерт көрмесін!»*

Сөйлеу актілерін осылайша айтылу кезінде адресанттың басшылыққа алатын коммуникативтік стратегиялармен тығыз байланыста зерттеудің өзіндік орны бар. Қазақ тілінде алғыс айту стратегиясын басшылыққа ала отырып, тілдік қатысым барысында айтылған қалау, тілек мәнді айтылымдар халқымыздың ұлттық сөйлеу әдебіне тән ерекшеліктерінің бірі десек те болады. Ал қазақ ұлтының әлеуметтік, тілдік сөйлеу әдебі мен нормаларының өзіндік ерекшеліктеріне байланысты бұл типтегі айтылымдар қалау, тілек мәнді айтылымдар санатында танылып, ондағы «Рақмет» сөзі тек қана фатикалық қызмет атқарады.

### **1.2. Құттықтау Стратегиясы**

Құттықтау стратегиясын сөйлеушілер адресанттың өміріндегі айтулы күн немесе оқиға және әртүрлі мемлекеттік, діни т.б. мерекелерге байланысты айтылатын қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін тыңдаушысына жолдаған кезде басшылыққа алады. Бұл типтегі құттықтау мәнді сөйлеу актілерінің алдында көбінесе құттықтау сөзінің өзі айтылып, соңынан адресанттың ақ тілегі ілеспек. Мысалы:

*А. Жаңа жыл құтты болсын! Жаңа жыл тың шығармашылық ойлар, биік кәсіби жетістіктер, керемет оң өзгерістер, жарқын кездесулер мен қуанышты оқиғалар, тамаша бастамалар мен оң шешімдер жылы болсын.*

*Ә. Туған күнің құтты болсын! Өмір жасың ұзақ болсын! Әрдайым ата-анаңның үмітін ақтап, бәрімізді осындай қуаныш пен шаттыққа бөлеп жүр!*

Құттықтау стратегиясының аясында жұмсалған қалау, тілек мәнді айтылымдар пропозиционалдық мағынасы кең әрі сан алуан бола білмек. Бұл арада оптативті айтылымдардың пропозиционалдық мағынасына әсер етуші факторларға сөйлесім жағдаятының әлеуметтік, прагматикалық аспектілері, яғни коммуниканттардың өзара қарым-қатынас жақындығы, жас және жыныстық ерекшеліктері жатады.

### **1.3. Қарғыс Стратегиясы**

Сөйлеушінің тілдік қатысымда аталмыш коммуникативтік стратегияны басшылыққа ала отырып өзінің теріс мағыналы қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін айтуының алғышарты оның тыңдаушысына, не үшінші жаққа қатысты ашулануы, ызалануы, налуы іспетті психологиялық көңіл-күйі.

*1 А. - Құдай атсын сен екеуіңді!* (Мұратбеков, 1991: 64).

#### **1.4. Өкініш Стратегиясы**

Тілдік коммуниканттардың ішкі жан дүниесімен, көңіл күйімен тығыз байланыста қатысым үрдісі оны құрушы болады. Тілдік бірліктер арқылы біз өз сезімдерімізді жеткізіп отырамыз. Сондай сөйлесім жағдаяттары орын алған мезетте біздің қынжылу, ішкі өкінішімізді қоршаған ортамыздың бүгінгі таңдағы біздің қалауымыздан шыға бермейтін болмысын айтып жеткізу үшін өкініш стратегиясын қолданамыз. Өкініш стратегиясының жүзеге асуының сөйлеу тактикаларының бірі қалау, тілек мәнді сөйлеу актілері. Мысалы:

*А. – Барлық әріптерді тезірек неге үйретпейді екен. Шіркін, ағама хат жазар едім, - деп күңкілдейтін* (Мұратбеков, 1991: 17).

*Ә. - Әттең, оқуың бөгет. Әйтпесе, сені өзіммен бірге ала кетер едім (101, 207).*

Берілген мысалдардан біз сөйлеушінің өткен іске өкінішін, оның өзін қоршаған ортаның шындығы басқаша болғанын қалайтындығын түсіне аламыз.

#### **1.5. Ұсыныс Стратегиясы**

Ұсыныс стратегиясын қолданып өз қалауы мен тілегін тындаушысына жеткізер кезде адресант көбінесе өз сөзін сұраулы сөйлем мақамында құрады. Мысалы:

*А. - Жұр, ойнайсың ба? – деп дауыстай сөйледі* (Мұратбеков, 1991: 26).

*Ә. - Әй, мен сендерге бір қызық айтайын ба, - деді ол сүйінші сұрағандай қуанышты үнмен*

*Б. - Мен жатақханаға барып келсем қайтеді?*

Бұл мысалдардан біз ұсыныс стратегиясын арқылы қалау мен тілекті жеткізерде сөйлеушінің өз дауыс ырғағын түрлендіретінін байқай аламыз. коммуниканттардың олай етуінің себебі өз адресатының назарын аударту.

#### **1.6. Қоштасу Стратегиясы**

Аты айтып тұрғандай қоштасу стратегиясын олданып сөйлеушілер өз қалаулары мен тілектерін тілдік қатысымды тәмамдау барысында жеткізбек. Әйтсе де, бұл қарапайым сөйлесім жағдаяты емес, өзара хақын қарым-қатынастағы адамдардың ұзақ мерзімге қоштасарында орын алатын сөйлесім жағдаяты. Сол

себептен, мұндай жағдайда адресант көбінесе аінің жан дүниесінен шыққан шынайы калауы мен тілегін білдіреді. Мысалы:

*А. – Қарағым, жолың болсын, - деді жыламсырап. - Жақсыдан қалған тұяқ ең, қайда жүрсең де аман бол. Адам болсаң тауып келерсің әлі...*

### **1.7. Жұбату Стратегиясы**

Адресаттың өмірінде орын алған түрлі оқые жағдайларда оның психологиялық жағдайы мен көңіл күйіне оңтайлы әсер етпек мақсатында біз оған жақсы тілектерімізді тілейміз. Мысалы:

*А. - Уайымдамаңыз, Жұмеке. Әуелі басыңыз аман болсын. Жер бетінде несібе көп. Бірлесіп күнелтіс жасармыз, - деді Сали (Шайыр, 2008: 51).*

Күнделікте өмірде бір кісінің науқастанғанында немесе бір жақынынан айрылғанда біз оған тілегімізді жұбату стратегиясын басшылыққа ала отырып жеткіземіз.

Аталмыш коммуникативтік стратегияларды пайдалануда «Мен сені үйге шақырар едім» сөз орамына «Мен сені үйге шақырғым келіп тұр» немесе «Сені үйге шақырғанды қалар едім» айтылымдары грамматикалық ерекшеліктері мен берер мағынасы бойынша болса да олардың баламалы айтылымдар ретінде қарастыруға болады. Алайда осы айтылымдарды қарымқатынастың әртүрлі жағдаяттарында қарастырсақ мағыналары мүлдем өзгеріп кетеді. Сөйлеушінің айтайын деген ойын түсіну үшін осы сөйлемдерді талдап көрелік. Мысалы, «Мен сені үйге шақырар едім» деген айтылымда сөйлеуші белгілі бір иллюкутивті мағынаны білдіруі мүмкін:

1. Не қалайсың?
2. Маған жақын адамсың.
3. Қазір орындалмайды, кейін шақырамын.
4. Өткен іске өкініш.

*Ал «Сені үйге шақырғанды қалар едім» деген айтылымда сөйлеуші белгілі бір иллюкутивті мағынаны білдіруі мүмкін:*

1. Өз құқығым өзімде емес.
2. Менімен санаспайды.
3. Мен бұл жерде кішкентай адаммын.
4. Өкініш

Демек, берілген жағдаяттарында өкініш стратегиясы басшылыққа алынып отырған кезде қалау, тілек мәнді сөйлеу қолданылып отыр. Ал ол тілдік қатысымда адресанттын қынжылуы мен өкінішін сөйлесім жағдаятының психологиялық контекстін сипаттап тұр.

Ал *«Мен сені үйге шақырғым келіп тұр»* деген айтылымда сөйлеуші белгілі бір иллюкутивті мағынаны білдіруі мүмкін:

1. Мен қалаймын.
2. Менің айтқаныммен жүресің бе?
3. Көңілімді қалдырмайсың ба?
4. Үйге келгенінді қалап, тілеп тұрмын.

Демек, контекстік мағынасы бір сөйлемдер болса да, олардың ар жағында әртүрлі мағына бары көрінеді. Сондықтан барлық ортативтерге бір негізгі семантикалық мағынаны белгілеу қиын. Мұндай айтылымдарды қолдану адамның танымдық қабілетіне тікелей байланысты екені белгілі. Егер тіл арқылы адам айналасындағы дүниені танып-білсе, танымының молдығы мен сөздік байлығы арқылы мағынасы жасырын сөйлемдерді айта алады. Ал қарапайым айтылымдарға үлкен мағынаны, контекстік ойды сыйғызу үлкен шеберлікті талап етеді. Ал оны дамыту үшін сөйлеу үрдісінің психологиялық контекстімен тығыз байланыстағы тілдік қатысымға дейінгі кезеңге тиісілі, ойлау үрдісінің нәтижесі болып табылатын коммуникативтік стратегиялар мен сөйлеудің аффективтік іспетті қызметтерін оқыту керек. Әрі олардың сөйлеу актісімен арасындағы байланысты естен шығармаған да жөн.

Сөйлеу барысындағы тілдік құбылыстардың ерекшелігін тану арқылы коммуниканттың логикалық ойлауына оң әсері болады. Дәл осы ойлау жүйесінің дамуы, ең алдымен, оның өзін-өзі тануына алғышарт. Бұл өз кезегінде тілдік қарым-қатынасқа түсушінің рефлексиясын дамытады, яғни өз ортасындағы орнын тани бастауы оның өзіндік санасының қалыптасуына мүмкіндік береді.

Сөйлесу дегеніміз – қарым-қатынас жасау, ал қарым-қатынас жасау дегеніміз – өзара әрекеттесу. Сөйлеу актілерін жіктеуде сөйлеушіге деген сенім, иланым бірінші кезекке қойылады. Егер стартегия кезіндегі тактикалар дұрыс үйлестірілмесе, сенім жоғалады.

Жалпы тіл білімінде сөйлеудің типтерінің өзін топтастырып ұсынады. Сөйлеудің типтеріне қатысты алғашқы еңбектердің біріне Л.П. Якубинскийдің «О диалогической речи» (1923) деп аталатын еңбегін жатқызуға болады. Кейіннен бұл мәселеге қатысты А.А. Холодовичтің «О типологий речи» (1967), А.А. Леонтьевтің «Функции и формы речи» (1974) атты еңбектері жарық көріп, сөйлеу типтеріне қатысты еңбектердің қатарын толықтырды.

Стратегияларда коммуникативтік мақсаттың типтеріне, коммуникацияға қатысушылардың өзара пікір алысуына орай тілдесім жанрлары төмендегідей болып келеді: *сөйлесу* (ақыл-кеңес береді, иландырады), *тілдесу* (екі адам арасындағы ұрыс-керіс, дау-жанжал, қақтығыс, кінәлау), *пікірталас* (ақиқатты айқындау мақсатындағы пікір алыс) *әңгіме* (монологтік сипаттағы сөз) түрінде жүзеге асады. Бұлардың әрқайсысының дискурстағы көрінісі түрліше. Бұған мысал ретінде мәтіндерге назар аударсақ:

### 1.8. Сендіру Стратегиясы

Ақыл-кеңес айтып, болашақта барлығының жақсы болатынына сендіреді, иландырады. Т. Әбдіковтің «Оң қол» шығармасынан алынған мына бір үзіндіге назар аударайық:

*Сағат түнгі үш шамасында ашық тұрған Алманың палатасынан шыңғырған дыбыс шықты. Әлдеқалай шылдырлаған телефонның трубкасын көтеруге үлгірмей, тұра жүгірдім. Мен палатаға кіргенде Алма кереуетте жатыр екен. Оң қолы кеңірдегін тас қылып қысып алған. Сол қолымен жанталасып айырмақ болды. Сестра екеуміз оң қолға қатар жармастық. Қолын қайырып, кереуеттің астына апарғанда түрі көкпеңбек болып кеткен Алма көзін ашты. Тұла бойы қалшылдап, көпке дейін өзіне-өзі келе алмады. Мен қолынан, бетінен сипап, үрейін басуға тырыстым.*

*- Ештеңе етпейді, Алма, қазір бәрі де басылады, - дедім көзіне түскен шашын кейін қайырып. - Бұндай әрекеттер жүйкенің шаршауына байланысты бола беретін құбылыс. Сен қорықпа! Неге сонша дірілдейсің? Ештеңе де болмайды. Кәне, сабыр ет. Мен сенің жаныңда әлі ұзақ отырамын. (Көзімнің қырымен оң қолға қарадым. Тағы бір әрекетке дайындалып жатқандай кереует астында біз қайырып қойған жерде қимылсыз жатыр.) Сабыр ет, білдің бе?.. Ертең жазылып*

*шыққаннан кейін, бізді туған күніңе шақырасың. Туған күнің қашан? Сентябрь! Сентябрь айы жемістің піскен шағы. Біз сенің туған күніңде мас болғанша лимонад ішеміз. (Алманың түрінен көгерген түс кете бастады.) Тұра тұр, терлеп кеттің. Сүртейін... Мінеки, осылай. Әлде мен саған ертең айтып берейін бе? (Алма болмашы жымыды.) (Әбдік, 1965: 87-88).*

Коммуникацияда серіктесін алдарқата отырып, психологиялық пайымдау арқылы, жүрекке сенім ұялата отырып, мақсатқа жетуге болады. Контекстегі ой бойынша, дәрігер кейіпкердің күдігін *«Ертең жазылып шыққаннан кейін, бізді туған күніңе шақырасың. Туған күнің қашан? Сентябрь! Сентябрь айы жемістің піскен шағы. Біз сенің туған күніңде мас болғанша лимонад ішеміз»*. Осы сөз оның жүзіне күлкі ұялатады.

Бір шешімге келу, мән-жайдың ақиқатын анықтау пікірталас барысында жүзеге асырылады. Мәселенің ортақ тұстары баса айтылады. Сөйлеушілер өзіндік пікірлерін ортаға салып, келіспейтін тұстарын баса айтады. Дәлелмен сөйлеуге тырысады. Мұндай мәтіндер өте ұзақ болады. Мәселен мына бір сөзге назар аударсақ:

*10 қараша күні №2 Атырау қалалық сотында Макс БОҚАЕВ пен Талғат Аяновтың ісін қарау жалғасты. Облыстық ІІД аға тергеушісі Руфат Жұмағалиевтан жауап алынды. Ол 2016 жылдың 16 мамырында Фейсбук әлеуметтік желісіндегі Боқаевтың парақшасындағы жазбалар мен хабарламалардың скриншотын жасап, оларға психологиялық-филологиялық сараптама жүргізу туралы қаулы шығарған болатын.*

*– Менің парақшамды Гугл-хром арқылы ашу мүмкін емес, сіз оны қалай аштыңыз? – деп сұрады Боқаев.*

*Прокурор судья Гүлнәр Дәулешиовадан бұл сұрақты қабыл алмауды өтінді, судья наразылықты қабылдады.*

*Боқаев:*

*– Сіз топ құрамында скриндермен жұмыс жасадым дейсіз, ал хаттамада сіздің өзіңіз ғана көрсетілген.*

*Осы арада Аянов кірісті:*

*– Егер бұл ҰҚКД-де жасалса, онда бұл ІІД жүргізіп отырған тергеу шарасына араласу.*

*Прокурор:*

– Бұл құрғақ дәлелсіз тұжырым.

Аянов:

– Сол кезде өзіңіз пайдаланған ұялы телефон нөмірін атаңызшы. Біз қоңыраулар тізімі мен сіздің болған жеріңізді анықтау туралы өтініш береміз. Өйткені сіздің айтып отырғаныңыз шындық емес, сіз басқа жерде болдыңыз.

Судья:

– Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес, сот іс тізімдемесіндегі материалдармен жете танысуға құқылы.

Боқаев:

– Бұл жерде 52 парақша бар. Мұнымен жете танысумен бір өзі айналысқанына күмәндімін.

Өз кезегінде Жұмағалиев топ болып кімдермен жұмыс істегені есінде жоқ екенін айтты.

Боқаев әлдебір «Евгения» дегеннің аккаунтынан өзінің парақшасына кіріп, скриншот жасалғандығына судьяның назарын аударды:

– Жасұлан Мұсабековтың (айыптау қорытындысында ол 24 сәуірдегі митингті ұйымдастырушылардың бірі ретінде айтылады – М.С.) парақшасына жасалған сараптама да осы «Евгенияның» аккаунтының негізінде жасалған деген менде мәлімет бар және оның жасанды екендігіне сенімдімін.

Содан кейін сот Фейсбуктегі Талғат Аяновтың жеке парақшасының скриншотымен танысты. Екі-үш жерде комментарий авторлары 24 сәуірдегі митинг алдында бір-біріне тіл тигізген.

Судья:

– Сіз парақшаңызды 13 мамырда бұзып ашқан дедіңіз, ал бұл тіл тигізулер сәуірде орын алған. Жойып тастауға болмайтын ба еді? Осылайша ҚР ҚК-нің «Қорлау» деп аталатын 131-бабына ілігуге болады ғой.

Аянов:

– Бәрін жою мүмкін емес.

Сотта қаралған скриншоттар арасында Аяновтың жазбасы да болды. Онда ол қалалық әкімдіктің митинг туралы өтінішіне бас тартқандығы туралы жазған.



*Аянов:*

*– Міне, көріп отырсыздар, мен ешкімді алаңға шығуға мәжбүрлеген жоқпын. Қолданушылар митингіге рұқсат етілмегені туралы хабардар болды [Сұлтанғалиев, azh.kz].]*

*Мұндағы дәлелдеу тактикалары коммуникативтік басты мақсат- стратегияның жүзеге асуына септігін тигізіп тұр.*

*Қарым-қатынас жағдайында сөйлеудің типтері ең алдымен ауызша немесе жазбаша түрде, екіншіден, диалогтік немесе монологтік болады.*

*Сөйлеудің типтерінің негізгі төрт түрін бөліп көрсетуге болады: ауызша диалог; ауызша монолог; жазбаша диалог; жазбаша монолог.*

*Ауызша қарым-қатынас жағдайында сөйлеудің диалогтық түрі ең бастапқы, алғашқысы болып табылады. Диалог екіжақты қарым-қатынас түріне жатады. Мұнда қарым-қатынасқа түсуші екі адам бірін-бірі түсінуге тырысады. Ол екі одан да көп адамдардың өзара әңгімелесуі, сөйлесуі деген сөзінен алынған. Тақырыбы алдын-ала көрсетілмейді, еркін болады. Ол әртүрлі болуы мүмкін, себебі диалог үстінде әңгіменің тақырыбы өзгеріп отыруы да мүмкін. Демек, диалог өмірдің барлық саласынан орын алады да, қарым-қатынасқа түсушілердің бірдей уақыт аралығында кезек-кезек алмасып сөйлесуі нәтижесінде жүзеге асырылады. Диалог қандай да болмасын бір жағдайға қатысты туып, дамып отырады. Оның репликалары бірі арқылы бірі дамып, өзара байланыста болады. Диалогқа қатысушылардың ойлары әр түрлі болады: келісу, талқылау, сұрақ-жауап, ойдың бірдей шығуы, әңгіме бір тақырыптың төңірегінде өтеді. Мағынасы жағынан да тиянақты бола отырып шешеннің мінез-құлық басқа да қырларын таныта біледі. Диалог арқылы адамдардың ішкі сыры аңғарылады.*

*Зерттеушілер диалогты тұлғасына, мағынасына қарай түрліше қарастырады. Солардың бірі ретінде Г.Иманғалиеваның «Типология диалога» атты кандидаттық диссертациясында диалогті тақырыптық сипатына қарай былайша топтастырады: Хабарламалық, прагматикалық, модальдық [Иманғалиева, 1999, 5 б.].*

*Бұлардың өзі әңгімелесу, хабарлау, сұрасу, өтініш, пікірталас, қоштасу т.б. түрлерге жіктеледі.*

### **1.9. Көңіл Айту Стратегиясы**

Шешеннің сөйлеу мәдениеті де айналасындағы түрлі топтың өкілдерімен салыстырғанда әлдеқайда жоғары сатыда тұрады. Бұдан мысал ретінде төменде берілген диалогқа тоқталсақ:

*Бірде ханның жалғыз баласы қаза болыпты. Бөлтірік хан баласына бата қылуды ұйымдастырады. Байлар: «барған соң не деп көңіл айтамыз?» деп сұрағанда Бөлтірік:*

*– Біреуің: «Түйе мен төре шіркіннің басы бір қисайса оңбайды» де.*

*– Екіншің: «Төре өлмегенмен көбеймейді, ешқашан көбейіп теңелмейді», – деп үйретіпті. Байлар үйреткен сөзді айтысымен-ақ хан реніш білдіріп қисая кетіпті. Сонда Бөлтірік:*

*Аққу құсқа оқ тисе,  
Қанатын суга тигізбес,  
Ақсүйекке оқ тисе,  
Көршісіне сездірмес,  
Ноқталы басқа бір өлім,  
Ақыр бір күн келмей ме?  
Ажалдың соқса дауылы,  
Өмірдің шамы сөнбей ме?  
Дос көтерер өлімді,  
Бекем бу, төрем, беліңді!  
Мұңайтпа баққан еліңді,  
Жүйірік мін де, сұлу құш,  
Алғын осы тілімді.*

*Осылай деген соң, хан басын көтеріп:*

*– Мыналарды сөйлетіп отырған өзің екенсің ғой, – депті (Шешендік, 1976: 14).*

«Естірту» стратегиясы. Қараштың өлгенін Жиренше шешенге естіртуінде адресат пен адресанттың аялық білімі көмекке келеді.

*Қарашаш сұлу Жиренше үйде жоқта ауырып қаза болыпты. Әз Жәнібек хан «Жиреншеге біз естірте алмаспыз, өзіне-өзі естіртсін, ешқайсың сездіріп қоймаңдар», – деп уәзірлерімен сөз байлап қояды. Бір күні Жиренше шешен елге қайта оралып ханның үйіне түсіп сәлемдесіп отырады. Хан*

*Жиреншеге: – Ау, шешенім, әкесі өлген қалай болады? – депті.  
Жиренше шешен отырып:*

- Әкесі өлсе, асқар тауы құлағанмен бірдей болады,— депті.*
- Шешесі өлген қалай болады?*
- Ағар бұлағы суалғанмен бірдей болады.*
- Ағасы өлген қалай болады?*
- Оң қанаты қайрылғанмен бірдей болады.*
- Інісі өлген қалай болады?*
- Сол қанаты қайрылғанмен бірдей болады.*
- Ана-қарындасы өлген қалай болады?*
- Ұзын өрісі қысқарғанмен бірдей болады.*
- Қатыны өлген қалай болады?*
- Ah!.. Менің Қарашашым өлген екен зой, - депті Жиренше.*

*Ол күйініп қамшысын таянғанда, қамшының сабы ортасынан шарт сынып кетіпті. «Қатын өлді, қамшының сабы сынды» деген сөз содан қалған екен.*

Бұл диалогте коммуникативті стратегия әр қымбат адамның қайтыс болғанын сипаттай отырып, өзінен сұрай отырып, соңғы шешімді де өзіне айтқызу тактикасы ең күшті тактика болып саналмақ. Берілген диалогта шешеннің аялық білімі, қазақи ғұрыптағы көңіл айтып жұбатуды оңтайлы да, ұтымды жеткізуі, ділмәр шешендікті таныта білуі, ойды жеткізудегі көркемдеуіш құралдарды ұтымды пайдалануы, («ажалдың дауылы», «өмірдің шамы», асқар тау, қамшының сабы) айналасындағылармен салыстырғанда әлдеқайда жоғары тұрады.

### **Қорытынды**

Коммуникативтік стратегиялар адамның өзінің алдына қойған қатысымдық мақсаты. Осы мақсатты іске асыру үшін тұлға өзін-өзі үнемі жетілдіріп отыру керек. Тілімізде мәтін, көбінесе, монолог түрінде, дискурс диалог түрінде көрініс табады. Осылардың бәрінде коммуникативтік стратегиялар орындалып жатады. Қазіргі сабақ өту үлгісінде субъект-субъект қатынасы белсенді қолданылады. Егер оқытушы бірыңғай дәріс оқитын болса, онда коммуникативтік стратегия жүзеге аспай қалады.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР**

Әбдік Т. <https://adebiportal.kz/kz/news/view/11965> Оң қол.

276 VII. Uluslararası Türk Dünyası Araştırmaları Sempozyumu

Иманғалиева Г (1999), Типология диалога (на материале казахского и русского языков). Автореф. на соискание ученого звания на канд. наук. Алма-Ата.

Мұратбеков С (1991), Екі томдық таңдамалы шығармалар, Алматы: Жазушы.

Сұлтанғалиев Мұрат, azh.kz.

Шайыр М.О (2008), *Даньшпан Дүние! Роман-Трилогия*. Астана: «Астана-полиграфия», Екінші кітап.

*Шешендік Шыырлары* (1976), Алматы: Мектеп.

VII. ULUSLARARASI  
TÜRK DÜNYASI  
ARAŞTIRMALARI SEMPOZYUMU  
20-23 Ekim 2020 Niğde



NİĞDE ÖMER HALİSDEMİR ÜNİVERSİTESİ  
KAZAK KIZLAR PEDAGOJİ MİLLİ ÜNİVERSİTESİ  
M. AKMULLA BAŞKURT DEVLET PEDAGOJİ ÜNİVERSİTESİ  
BAKÜ AVRASYA ÜNİVERSİTESİ

www.utudas.org